

# ҮШ ДЕНЕ ЕСЕБІ

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЕСЕБІ?

КАРАГАНДЫ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ТАЛДАУ



Funded by  
the European Union



[www.arnika.org](http://www.arnika.org)



[www.ecomuseum.kz](http://www.ecomuseum.kz)



Deutsche Gesellschaft  
für Internationale  
Zusammenarbeit (GIZ) GmbH

Supported by:



Federal Ministry  
for Economic Affairs  
and Climate Action

Federal Foreign Office



**TRANSITION**

Ministry of Foreign Affairs of the Czech Republic

on the basis of a decision  
by the German Bundestag

# **ҮШ ДЕНЕ ЕСЕБІ**

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРНИКТІК ГАЗДАР  
ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЕСЕБІ**

**КАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА  
ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ТАЛДАУ**

Қарағанды - Прага - 2023

Қалмыков Д.Е. және т.б. **Үш дене есебі. Қазақстандағы парниктік газдар шығарындыларының есебі? Қарағанды облысы мысалында деректерді талдау.** – Қарағанды-Прага: ЭкоМұражай, Arnika, 2023 ж. – 48 б.

**Бас редактор:** Дмитрий Қалмыков

**Негізгі авторлар:** Айгүл Маликова, Дмитрий Қалмыков

**Авторлар:** Айгүл Маликова, Дмитрий Қалмыков, Мартин Скальски, Ирина Игнатович, Василий Александров, Екатерина Оборина, Афина Мартынюк

Бұл зерттеу ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде жарияланады

Ағылшын тіліне аударған: Макар Терёшин

Қазақ тіліне аударған: Асел Маликова

Бұл басылым Еуропалық Одақ пен Чехия Республикасының Сыртқы істер министрлігінің өтпелі кезеңге жәрдемдесу бағдарламасы, сондай-ақ Германияның Федералды экономика және климатты қорғау министрлігі (BMWK) мен Германияның Федералды сыртқы істер министрлігі (AA) қаржыландыратын және Халықаралық климат бастамасының (IKI) шағын гранттар бағдарламасының қолдауымен дайындалды. Бұл бағдарламаны Германия халықаралық ынтымақтастық қоғамы (GIZ) жүзеге асырады.

Бұл басылымның мазмұны Қарағанды облысының Экологиялық мұражайы мен Arnika ұйымының жауапкершілігінде және донорлардың көзқарасын білдірмейді.

© Arnika, 2023

© EcoMuseum, 2023

## Аннотация

**«КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БІЗДІҢ ЖАУАБЫМЫЗ»** бастамасы ЭкоМұражайдың екі жобасын біріктірді:

- «Қарағанды облысында климаттың өзгеруінің салдарын жұмсартуға азаматтық қоғамның қатысуы» – Чехияның «Арника – Азаматтарды қолдау орталығы» қоғамдық ұйымымен серіктестікте жүзеге асырылып, Еуропалық Одақтың (ЕО) «Азаматтық қоғам ұйымдары және жергілікті билік органдары» бағдарламасы және Чехия Республикасының Сыртқы істер министрлігінің өтпелі кезеңге жәрдемдесу бағдарламасының қолдауымен қаржыландырылады.

- «Қарағанды облысында климаттың өзгеруіне бейімделу шараларын жүзеге асыру» – Германияның Федералды қоршаған ортаны қорғау, табиғатты сақтау, ядролық қауіпсіздік және тұтынушылар құқығын қорғау министрлігі (BMUV) тапсырысы бойынша Германия халықаралық ынтымақтастық қоғамы (GIZ) жүзеге асыратын Халықаралық климаттық бастама (IKI) аясында іске асырылады.

Бастаманың бір мақсаты – Қарағанды облысы үшін парниктік газдарының (ПГ) шығарындыларын азайту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу. Шығарындыларды азайту шаралары (митигациялық шаралар) климатқа ең үлкен зиян келтіретін кәсіпорындарда жүзеге асырылуы тиіс. Олар сонымен қатар шығындар мен ПГ шығарындыларын азайту арасындағы тиімділік тұрғысынан орындалуы қажет.

Климатқа әсер етуді азайту шаралары жүзеге асырылатын басым салалар мен нақты ластаушы кәсіпорындарды таңдау үшін «Климаттың өзгеруіне біздің жауабымыз» бастамасы Қарағанды облысындағы ПГ шығарындыларының ағымдағы деңгейі туралы деректерді іздеу және олардың қолжетімділігін бағалау бойынша жұмыс жүргізді. Мұндай деректер шығарындыларды азайту шараларын жоспарлаудың бастапқы нүктесі болып табылады.

Қарағанды облысындағы кәсіпорындардың 2016–2021 жылдардағы парниктік газдар шығарындылары туралы деректерді іздеу жұмыстары парниктік газдарының мониторингі мен есебінің жүйесінің жетілмегендігі мен тиімсіздігін, оларды жұртшылық пен мемлекеттік органдар үшін қолжетімді ету мәселелеріндегі қателіктер мен кемшіліктерді анықтады.

Зерттеу барысында Қазақстанда ПГ бойынша есепке алу және есеп беру жүйелерінің кем дегенде үш түрі қатар жұмыс істейтіні анықталды:

- Қазақстан Республикасының БҰҰ КӨНК ұлттық есептерді қалыптастыруы үшін пайдаланылатын ПГ мемлекеттік инвентаризациясы;
- Кәсіпорындардың мемлекеттік көміртек кадастрына есебі;
- Кәсіпорындардың ластағыштардың шығарындылары мен көшірілу тіркеліміне есебі.

Осы зерттеуде жоғарыда аталған парниктік газдарының есепке алу жүйелері ПГ шығарындылары туралы деректердің болуын, олардың толықтығын, сенімділігін, сапасын, қолжетімділігін және қолда бар ақпараттың салыстырмалылығын бағалау үшін зерделенді.

## МАЗМҰНЫ

Аннотация.....	4
Мазмұны.....	5
Кестелер тізімі.....	5
Суреттер тізімі.....	5
Қосымшалар тізімі.....	5
Аббревиатуралар мен қысқартулар тізімі.....	8
1. Парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулері туралы ақпаратқа қол жеткізуге арналған заңнамалық талаптар.....	9
2. Парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулерін есепке алуды реттеу.....	12
2.1. Мемлекеттік көміртек кадастры.....	13
Қысқаша сипаттама.....	13
Деректердің ашықтығы, қол жетімділігі.....	14
Деректердің сапасы.....	15
2.2. Көміртек квоталарының ұлттық жоспары.....	17
Қысқаша сипаттама.....	17
Деректердің ашықтығы, қол жетімділігі.....	17
Деректердің сапасы.....	18
2.3. Көміртек бірліктердің мемлекеттік реестрі.....	19
Қысқаша сипаттама.....	19
Деректердің ашықтығы, қол жетімділігі.....	19
Деректердің сапасы.....	19
3. Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының негіздемелік конвенциясы.....	20
3.1. Ұлттық деңгейде анықталатын үлестер (ҰДАҰ) .....	20
3.2. Парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулері жөніндегі ұлттық инвентаризация есептері.....	20
Қысқаша сипаттама.....	20
Деректердің ашықтығы, қол жетімділігі.....	21
Деректердің сапасы.....	21
4. БҰҰ ЕЭК-нің «Қоршаған орта мәселелері бойынша ақпаратқа қол жеткізу, жұртшылықтың қатысуы және әділеттікке қол жеткізу» жөніндегі Орхус конвенциясы.....	23
Қысқаша сипаттама.....	23
Деректердің ашықтығы, қол жетімділігі.....	24
Деректердің сапасы.....	25
5. Парниктік газдар бойынша түрлі есептеу және есеп беру жүйелеріндегі мәліметтердің қолжетімділігінің, сапасының, қол жетімділігінің және салыстырмалылығының салыстырмалы талдау нәтижелері.....	26
Парниктік газдардың шығарындыларын есепке алу бойынша үш параллельді жүйе.....	26

Қазақстан Республикасының әкімшілік бірліктері аумақтарының ПГ шығарындылары туралы деректері және оларды мемлекеттік жоспарлау үшін пайдалану.....	28
Қорытындылар.....	29
Қосымшалар.....	30

## Кестелер тізімі

2.1 кесте – Көміртек квоталарының ұлттық жоспары. 2022-2025 жж. реттелетін қызмет салалары бойынша көміртек квоталарының жалпы көлемі.....	7
5.1 кесте – Қазақстанда парниктік газдардың шығарындылары туралы ақпараттарды жинаудың әртүрлі есептеу жүйелері бойынша салыстырмалы талдау.....	30

## Суреттер тізімі

1.1 - сурет – Қазақстан электрондық үкіметі сайтындағы «Экологиялық ақпаратты ұсыну» қызметінің парағы <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> .....	10
1.2 - сурет – ҚР Экология және табиғи ресурстар Министрлігінің қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі (ҚОҚ БАЖ) сайты.....	10
1.3 - сурет – «Экологиялық ақпаратты ұсыну (өтініш беру)» батырмасы көрсетілген ҚОҚ БАЖ сайтының жеке кабинеті интерфейсі.....	11
1.4 - сурет – ҚОҚ БАЖ сайтының жеке кабинеті интерфейсі, онда қолжетімді ақпарат тізімі көрсетілген. Көміртек кадастры жоқ.....	11
2.1 - сурет — ПГ шығарындылары мен сіңірулерінің ұлттық инвентаризациясын әзірлейтін ҚР экология және табиғи ресурстар Министрлігіне бағынысты ұйым «Жасыл Даму» АҚ сайтының интерфейсі - <a href="https://recycle.kz/en/parnikovye-gazy">https://recycle.kz/en/parnikovye-gazy</a> .....	13
2.2 - сурет – парниктік газдар шығарындылары бойынша инвентаризация есептері электрондық түрде толтырылып және ұсынылатын <a href="https://ecocarbon.gov.kz">https://ecocarbon.gov.kz</a> сайтының экран көшірмесі.....	15
2.3 - сурет – Қазақстанның экологиялық ақпаратының мемлекеттік қоры сайтының скрині, ұсынылатын деректер тізімімен, <a href="https://ecogofond.kz">https://ecogofond.kz</a> (4-тармақта мемлекеттік көміртек кадастры көрсетілген, бірақ оны жүктеу мүмкін емес).....	16
2.4 - сурет – ҚР экологиялық ақпаратының мемлекеттік қоры сайтында ұсынылған көміртек квоталарының ұлттық жоспарлары реестрі.....	18
3.1 - сурет – ҚР МЭАҚ сайтының <a href="https://ecogofond.kz">https://ecogofond.kz</a> скрині. ПГ көздерінен антропогендік шығарындылар мен сіңірулердің кадастры жөніндегі ҚР ұлттық есептерінің реестрі.....	22
3.2 - сурет – ҚР МЭАҚ сайтында келтірілген озон қабатын бұзатын заттар бойынша Монреаль хаттамасымен реттелмейтін антропогендік шығарындылар мен сіңірулердің кадастры жөніндегі ұлттық есептердің реестрі.....	22
4.1 - сурет – Зерттеу кезеңіндегі ЛШКТ есептерімен сайттың қолжетімділігін талдау нәтижелері (аптайм (uptime engl.) көрсеткіші сайттың қанша уақыт бойы қолжетімді болғанын көрсетеді) .....	25

## Қосымшалар тізімі

1 - қосымша – Экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорынан мемлекеттік көміртек кадастры жөніндегі мәліметтерді ұсынуды сұрау.....	36
2 - қосымша – Экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорының мемлекеттік көміртек кадастры жөніндегі мәліметтердің жоқтығы жайындағы жауап.....	37
3 - қосымша – ҚР ЭТРМ климаттық саясат және жасыл технологиялар Департаментінен мемлекеттік көміртек кадастры жөніндегі мәліметтерді ұсынуды сұрау.....	40
4 - қосымша – Мемлекеттік көміртек кадастрына және ЛШКТ «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС жіберген есебінің мәліметтерін ұсынуды сұрау.....	41
5 - қосымша – Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар Министрлігінің 14.08.2023 ж. парниктік газдардың шығарындылары жөніндегі мәліметтерді ұсыну сұрауына берген жауабы.....	42

## Аббревиатуралар мен қысқартулар тізімі

АҚ	акционерлік қоғам
МЭАҚ	мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры
ҚОҚ БАЖ	қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі
ЕЭК	Еуропалық экономикалық комиссия
ЛЗ	ластаушы зат
ЖПОШ	жерді пайдалану, жерді пайдаланудағы өзгерістер және орман шаруашылығы
ХСҰ	халықаралық стандарттау ұйымы
ОШЖПТ	орман шаруашылығы және жерді пайдаланудың басқа түрлері
КӨҮЭТ	БҰҰ КӨНК жанындағы климаттық өзгеруі бойынша үкіметаралық сарапшылар тобы
ЭТРМ	экология және табиғи ресурстар Министрлігі
КҰБ	кадастр жөніндегі ұлттық баяндама
ПГ	парниктік газдар
ҰДАҰ	ұлттық деңгейде анықталған үлестер
ҚҰ	қоғамдық ұйым
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЖФЭК	БҰҰ КӨНК ҚР Ұлттық есептеріндегі жалпы форматтағы электронды кесте
ЕҚТА	ерекше қорғалатын табиғи аумақ
ЛШКТ	ластағыштар шығарындыларының көшірілуі тіркелімі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ЖЖП	жаһандық жылыну потенциалы
ӨПӨП	өнеркәсіптік процестер және өнімдерді пайдалану
БҰҰ КӨКБ НК БҰҰ	климаттың өзгеруімен күрес бойынша негіздемелік конвенциясы
ОЭТ	отын- энергетикалық теңгерім
ЖЭС	жылу электр станциясы
ЖЭО	жылу электр орталығы
ҚТҚ	қатты тұрмыстық қалдықтар
ЭК	экологиялық кодекс
ЭЦҚ	электрондық цифрлық қолтаңба
CRF	Common Reporting Format
IPCCC	International Panel Climate Change Convention
NIR	National Inventory Report



## **1. Парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулері туралы ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі заңнамалық талаптар**

Қазақстандағы парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірілуі туралы ақпарат көздері мыналар болып табылады:

- 1) Монреаль протоколымен реттелмейтін антропогендік шығарындылар мен парниктік газдарды сіңіретін көздерден шыққан ұлттық есептер;
- 2) Көміртегі квоталарының ұлттық жоспары;
- 3) Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік реестрі;
- 4) Мемлекеттік көміртегі кадастры;
- 5) Қазақстан Республикасындағы ластағыш заттардың шығарындылары мен көшірілуі жөніндегі тіркелім.


Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (ҚР ЭК 17-бап, 1-тармақ, 2, 4 және 8-тармақша, 18-бап) сәйкес парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірілуі туралы мәліметтер экологиялық ақпаратқа жатады және коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалған құпия деп танылмайды. Мұндай деректер МЭАҚ - Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры (ҚР ЭК 20-бап, 5-7 тармақтар) арқылы жиналуы тиіс, ол өз кезегінде, бұл деректерді бірінші сұрау бойынша себептерін түсіндірмей ұсынуға міндетті.

Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорына сұраныс беру үшін Қазақстан Республикасының электрондық үкімет сайтында ақпарат алу үшін мемлекеттік онлайн қызмет бар ([www.egov.kz](http://www.egov.kz) және <https://oos.ecogeo.gov.kz>, 1.1-1.3 суреттерді қараңыз). Сұраныс беру үшін электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет. ЭЦҚ болмаса, ақпарат сұрату мүмкін емес, бұл Қазақстан халқының экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын негізсіз шектейді, себебі ЭЦҚ-мен иелену міндетті емес және көптеген адамдардың сандық қолтаңбасы жоқ, оны алу мүмкін емес немесе қажетсіз. Мұндай жүйе зейнеткерлер мен студенттер сияқты халықтың бірнеше миллион адамын экологиялық ақпаратқа қол жеткізуден айырады, өйткені көпшілік зейнеткерлерде ЭЦҚ жоқ, ал оқушылар мен студенттер 17 жасқа толмағанға дейін ЭЦҚ ала алмайды.


Бұл бет интерфейсі еркін формулировкада сұраныс жасауға да мүмкіндік бермейді (1.4 сурет). Сұраныс беру үшін тек ашылатын тізімде бар ақпаратты таңдау мүмкіндігі бар. Бұл тізім, мысалы, парниктік газдардың шығарындыларына берілген квоталар, Қазақстанның климаттың өзгеруімен күрес бойынша БҰҰ-ның негіздеделік конвенциясына қатысты міндеттемелерді орындауы және басқа халықаралық конвенциялар, берілген экологиялық рұқсаттар және т.б. туралы мәліметтерді сұрауды қарастырмайды.

ҚР ЭТРМ тарапынан сұралатын ақпараттың шектелген тізімі халықтың маңызды экологиялық ақпаратқа, соның ішінде Қазақстанның климатқа әсер етуі туралы деректеріне қол жеткізуін болдырмайды.


Бұдан әрі жоғарыда аталған ақпарат көздерінің әрқайсысының Қазақстанның жалпы көрсеткіштері құрамындағы Қарағанды облысының парниктік газдарының шығарындылары мен сіңіру көлемі туралы қызықтыратын деректердің қолжетімділігін талдай отырып, қысқаша сипаттамасы берілген (3-4-тараулар).




1.1 – сурет – Қазақстан Республикасының электронды үкіметі сайтындағы «Экологиялық ақпаратты ұсыну» қызметінің парағы [www.egov.kz](http://www.egov.kz).



1.2 – сурет. – ҚР Экология және табиғи ресурстар Министрлігінің (ҚОҚ БАЖ) қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің сайты.



1.3 – сурет– «Экологиялық ақпарат ұсыну (өтініш беру)» батырмасы көрсетілген қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі (ҚОҚБАЖ) сайтындағы жеке кабинет интерфейсі.



1.4 – сурет – ҚОҚ БАЖ сайтының жеке кабинеті интерфейсі, онда қолжетімді ақпарат тізімі көрсетілген. Көміртек кадастры жоқ.

## 2. Парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірілуін есепке алуды реттеу

Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар Министрлігі (ҚР ЭТРМ) климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық келісімдердің Қазақстандағы жүзеге асырылуына жауапты жұмыс органы болып табылады және Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес белгіленген ұлттық үлестеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында парниктік газдардың (ПГ) шығарындылары мен сіңірілуін мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

Парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірілуін мемлекеттік реттеу Қазақстанда келесі тәсілдермен жүзеге асырылуы тиіс:

1. Мемлекеттік реттеу құралдарын қолдану, олардың ішінде:
  - көміртегі бюджетін бекіту;
  - көміртегі квоталары;
  - орнату операторларын басқару.
2. Көміртегі бірліктерімен сауда жүргізудің нарықтық механизмін құру.

Көміртегі бюджетін Қазақстан Республикасының көміртегі балансы үшін бес қатарлы күнтізбелік жыл кезеңіне арналған рұқсат етілген шекті көлем деп түсіндіреді.

Көміртегі квоталауы – мемлекеттік орган тарапынан ПГ шығарындыларының жалпы көлеміне сандық шектеулер енгізу және оларды экономикадағы реттелетін секторлардағы квота субъектілері арасында бөлу. Олар:

- энергия өндіру,
- мұнай-газ,
- тау-кен өндіру,
- металлургия,
- химиялық өнеркәсіп,
- өңдеуші өнеркәсіп – цемент, әк, гипс және кірпіш өндіру.

Экологиялық кодекс бойынша мемлекеттік реттеуге алты парниктік газдары жатады:

1. көмірқышқыл газы (CO<sub>2</sub>);
2. метан (CH<sub>4</sub>);
3. азот тотығы (N<sub>2</sub>O);
4. гидрофторкөмірлер (ГФК);
5. перфторкөмірлер (ПФК);
6. күкірт гексафториді (SF<sub>6</sub>).

Квоталанатын парниктік газдардың шығарындылары – ПГ шығарындылары, олар әрбір парниктік газдарының ғаламдық жылыту әлеуетіне сәйкес көмірқышқыл газы эквивалентіне қайта есептеледі.

ПГ шығарындылары мен сіңірілулері тонна көмірқышқыл газы эквивалентімен (CO<sub>2</sub>) өлшенеді және есептеледі, мұнда тонна CO<sub>2</sub> эквиваленті – бір метрлік тонна CO<sub>2</sub> немесе ғаламдық жылыну әлеуеті бойынша бір метрлік тонна CO<sub>2</sub>-ға тең басқа парниктік газдарының массасы. ПГ шығарындылары мен сіңірілулерін есептеу ҚР ЭТРМ әзірленген және бекітілген әдістемелерге сәйкес жүргізіледі.

Жоғарыда аталған парниктік газдарының тізіміне мемлекеттік экологиялық қорғау органымен парниктік газдары ретінде анықталған басқа заттар да енгізілуі мүмкін, егер Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері, осындай заттарға мемлекеттік реттеу шараларын қабылдауды талап етсе.


Парниктік газдарының шығарылымдары мен сіңірілуінің мемлекеттік инвентаризациясы – бұл Қазақстандағы ПГ шығарындылары мен сіңірілуінің нақты көлемдерін анықтауға бағытталған ұйымдық іс-шаралар жиынтығы: қажетті деректерді жинау, өңдеу, сақтау және талдау.

Парниктік газдарының шығарындылары мен сіңірілуінің мемлекеттік инвентаризациясын Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар Министрлігіне ведомствалық бағынысты ұйым, 2023 жылы «Жасыл Даму» акционерлік қоғамы жүргізеді - <https://recycle.kz/en/parnikovye-gazy> (2.1-сурет).

Парниктік газдарының шығарындылары мен сіңірілуін анықтау үшін мемлекеттік инвентаризация кезінде мыналар қолданылады:

- Қазақстанның отын-энергетикалық теңгерімі деректері,
- статистикалық есеп деректері,
- есептілік міндеттемелерді мойындайтын кәсіпорындардан ұсынылған ПГ шығарындыларының инвентаризациясы туралы есептер.

Парниктік газдарының шығарындылары мен сіңірілуінің мемлекеттік инвентаризациясының толықтығы, ашықтығы мен дұрыстығының бақылауы жыл сайын ҚР ЭТРМ бекіткен ережелерге сәйкес жүргізілуі тиіс (ҚР ЭК 302-бабы, 5-тармағы). Қазіргі уақытта 2022 жылғы 22 ақпандағы ҚР экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің № 46 бұйрығымен бекітілген «Парниктік газдарының шығарындылары мен сіңірілуінің мемлекеттік инвентаризациясының толықтығын, ашықтығын және дұрыстығын бақылау ережелері» қолданыста.



2.1 – сурет - ПГ шығарындылары мен сіңірулерінің ұлттық инвентаризациясын жүргізетін ҚР ЭТРМ ведомстволық қарасты ұйым «Жасыл Даму» АҚ сайтының интерфейсі <https://recycle.kz/en/parnikovye-gazy>

## 2.1. Мемлекеттік көміртегі кадастры

### Қысқаша сипаттама

Мемлекеттік көміртегі кадастры төмендегілерді қамтиды:

- 1) парниктік газдарының шығарындыларының көздері туралы мәліметтер,
- 2) қондырғылардың операторлары туралы мәліметтер,
- 3) парниктік газдарының шығарындылары мен сіңірілулері туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар Министрлігі мемлекеттік көміртегі кадастрын әзірлеуді және жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ осы кадастрдың деректері

негізінде ПГ шығарындылары мен сіңірілулерінің көлемдеріне мемлекеттік бақылау жүйесін ұйымдастырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдер бойынша жыл сайын есеп беру міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда ПГ шығарындыларына қатысты мына терминология қолданылады, олардың анықтамалары заңнамалық деңгейде бекітілген:

*Қондырғы* – ПГ шығарындыларының стационарлық көзі немесе бір өндірістік алаңда орналасқан, бір технологиялық процеспен байланысты бірнеше стационарлық ПГ шығарындыларының көздері.

*Стационарлық көзі* – бұл ПГ шығарындыларының көзі, оны демонтажсыз ауыстыру мүмкін емес, және оның орналасуы мемлекеттік координаттар жүйесін қолдану арқылы анықталуы мүмкін, немесе бұл ПГ шығарындыларының көзі ауыстырылуы мүмкін, бірақ оны пайдалану процесінде жер бетінен (стационарлық) жылжымайтын орынды қажет етеді.

*Қондырғы операторы* – орнату мүлкіне немесе заңды түрде пайдаланушы тұлға, физикалық немесе заңды тұлға.

Мемлекеттік көміртегі кадастрына міндетті түрде ПГ шығарындыларының инвентаризациясы туралы есептер беріледі, олар:

1) Квоталанатын қондырғылар – олардың шығарындыларының көлемі жылына 20 мың тонна CO<sub>2</sub> шекті мәнінен асатын реттелетін секторлардағы қондырғылар; квоталанатын қондырғылар бойынша өткен жылға арналған ПГ шығарындыларының инвентаризациясы есебі электрондық түрде мемлекеттік көміртегі кадастрында толтырылады – сайтта (<https://ecocarbon.gov.kz>) (2.2 - сурет) – және міндетті түрде аккредиттелген валидация және верификация органы жүргізетін верификация процедурасынан өтеді;

2) Әкімшілік қондырғылар – шығарындыларының көлемі жылына 10 мыңнан 20 мың тонна CO<sub>2</sub>-ге дейінгі реттелетін секторлардағы қондырғылар; әкімшілік қондырғылар бойынша өткен жылға арналған ПГ шығарындыларының инвентаризациясы есебі де электрондық түрде мемлекеттік көміртегі кадастрында (<https://ecocarbon.gov.kz>) толтырылады; алайда, әкімшілік қондырғылар бойынша есеп верификациялауға жатпайды. Мұндай қондырғының операторы (әкімшілік субъектісі) парниктік газдарының шығарындыларын қысқартуға немесе көміртегі офсетін алу мақсатында ПГ сіңірілулерін арттыруға бағытталған жобаның тапсырыс берушісі ретінде қатысуға құқылы.

Аталған орнатулар бойынша ПГ шығарындылары туралы мәліметтер мемлекеттік көміртегі кадастрында беріліп, Экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорында (МЭАҚ) <https://ecogofond.kz> сайтында жинақталуы тиіс.

Квоталанатын қондырғылардан шығарындылар мен сіңірілулер көлемін бағалау кезінде қолданылатын парниктік газдарының шығарындыларын есептеу әдістемелері экология саласындағы уәкілетті органмен әзірленіп, бекітіледі (ҚР ЭК 294-бап, 3-тармақ).

## **Деректердің ашықтығы мен қолжетімділігі**

Қазіргі уақытта мемлекеттік көміртегі кадастрының мәліметтері қолжетімді емес.

МЭАҚ сайтында мемлекеттік көміртегі кадастр экологиялық ақпараттың түрлері арасында көрсетілген, бірақ бұл кадастрдың мәліметтері қазіргі уақытта жүктеп алу мен танысу үшін қолжетімді емес (2.3-сурет).

Аталған жұмыстың шеңберінде Қарағанды облысы бойынша ПГ шығарындылары туралы мәліметтер жинау мақсатында мемлекеттік көміртегі кадастрына сұрау жолданды:

1) 2023 жылғы 20 наурызда Экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорына жолданған сұрау (1-қосымша), олар жауап ретінде осы мәліметтерге ие емес екенін, өйткені деректер заңнамаға сәйкес (2 - қосымша) оларға мемлекеттік органдар мен ведомстволар тарапынан ұсынылмайтындығын мәлімдеді;


2) 2023 жылғы 18 сәуірде Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар Министрлігінің климаттық саясат департаментіне жолданған сұрау (3 - қосымша). 2023 жыл маусым айына дейін Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңында (11-бап, 10-тармақ) белгіленген мерзімдерді бұза отырып біздің сұрауымызға қандай да бір ақпарат бермеді.

МЭАҚ-дағы ПГ туралы мәліметтердің қолжетімсіздігі мен ҚР ЭТРМ климаттық саясат департаментінен жауап болмауына байланысты, біз Қарағанды облысындағы ірі ПГ шығарындыларының көздеріне тікелей сұрау жібердік (сұраудың үлгісі – 4 - қосымша). Мұндай кәсіпорындардың көпшілігі, мысалы, «Караганда-Энергоцентр» ЖШС (ЖЭО-1, ЖЭО-3), сұрауларға жедел жауап беріп, бізге шығарындылар туралы мәліметтерді ұсынды, қазіргі уақытта оларды өңдеудеміз.

Сондай-ақ, ҚР ЭТРМ ведомствалық қарасты «Жасыл Даму» АҚ ұйымының сайтында мемлекеттік көміртегі кадастры мен көміртегі бірліктерінің мемлекеттік реестрін жүргізетініне қарамастан, аталған реестрдің мәліметтері жарияланбайтынын атап өткен жөн.

## Деректердің сапасы


Мемлекеттік көміртегі кадастрының деректерінің сапасын бағалау мүмкін емес, өйткені бұл кадастрдың мәліметтері қол жетімді емес. Қосымша белгілер мен бар ақпарат негізінде мемлекеттік көміртегі кадастрының толық емес мәліметтерді қамтитынына қорытынды жасауға болады, себебі барлық әкімшілік субъектілердің шығарындылары туралы ақпаратты қамтымайды.



2.2 - сурет – <https://ecocarbon.gov.kz> сайтының экраннан көшірмесі, онда ПГ шығарындыларының инвентаризациясы бойынша есептер электрондық түрде толтырылып жіберіледі.

https://ecogofond.kz/gosudarstvennyj-fond-jekologicheskoy-informacii/vidy-jekologicheskoy-informacii/

Яндекс Начальная страница (1) Екатерина Шульм... (4) Екатерина Шульм... 24 EcoMuseum Новая вкладка Microsoft Teams

 **Единый экологический интернет-ресурс**  
Министерства экологии, геологии и природных ресурсов  
Республики Казахстан

гвенный Фонд экологической информации | Орхусская конвенция | ЭкоИнфоПраво | Национальный доклад | ЭкоКодекс

## Виды экологической информации

Виды экологической информации, предоставляемой ГФЭИ (в соответствии с ст. 161 Экологического кодекса Республики Казахстан)

№	Вид экологической информации	Доступ к информации
1.	Государственные кадастры природных ресурсов	Перейти на сайт <a href="http://ecokadastr.kz">ecokadastr.kz</a> Скачать <a href="#">реестр Государственного кадастра природных ресурсов</a>
2.	Государственный кадастр отходов	<a href="#">Скачать реестр государственного кадастра отходов</a>
3.	Государственный кадастр потребления озоноразрушающих веществ	<a href="#">Скачать реестр государственного кадастра потребления озоноразрушающих веществ</a>
4.	Государственный углеродный кадастр	Скачать реестр государственного углеродного кадастра
5.	Государственный реестр углеродных единиц	Скачать реестр государственного реестра углеродных единиц

2.3 - сурет – Қазақстанның экологиялық ақпаратының мемлекеттік қоры <https://ecogofond.kz> сайтының скриншоты, онда ұсынылатын мәліметтердің тізімі берілген (4-тармақта мемлекеттік көміртегі кадастры көрсетілген, жүктеу мүмкін емес).



## 2.2. Мемлекеттік көміртегі квоталар жоспары

### Қысқаша сипаттама

Мемлекеттік көміртегі квоталар жоспары – бұл квота саласына кіретін субъектілер арасында бөлінуге тиісті жалпы көміртегі квота саны мен резерв көлемін белгілейтін құжат. Мемлекеттік көміртегі кадастрға (осы есептің 2.1-тарауын қараңыз) квоталанатын субъектілер тарапынан ұсынылған ПГ шығарындыларының инвентаризациясы бойынша есептер негізінде мемлекеттік көміртегі квоталар жоспарына енгізілетін квоталанатын орнатулар тізімі қалыптастырылады.

Мемлекеттік көміртегі квоталар жоспары ҚР ЭТРМ тарапынан әзірленеді және бекітіледі, мемлекеттік көміртегі квоталар жоспарының мерзімі көміртегі бюджеттеу кезеңіне сәйкес келуі тиіс (бес жылдық мерзім). Мемлекеттік көміртегі квоталар жоспарының есептік кезеңі – бір күнтізбелік жыл.

Бос бөлінуге тиісті мемлекеттік көміртегі квоталардың жалпы саны реттелетін экономиканың секторлары арасында есептік нормаларға сәйкес есептеледі. Бос бөлінуге тиісті квоталанатын орнатулар үшін мемлекеттік көміртегі квота саны бенчмаркаларды қолдану арқылы есептеледі.

2022-2025 жылдарға арналған мемлекеттік көміртегі квоталар жоспары, Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің 2022 жылғы 11 шілдедегі № 525 бұйрығымен бекітілген, квоталанатын орнатулар саны 199 бірлік, 2023 жылға арналған квота көлемі – CO<sub>2</sub> 163 663 379 тонна. Квоталардың көпшілігі электр энергиясы саласына (57,35%) бөлінген.

2.1 – кесте – Мемлекеттік көміртегі квоталар жоспары. 2022-2025 жылдарға арналған реттелетін салалар бойынша жалпы көміртегі квоталардың көлемі.

Реттелетін сала қызметі	Құрылғылар саны	2022 ж. квота мөлшері, т CO <sub>2</sub>	2023 ж. квота мөлшері, т CO <sub>2</sub>	2024 ж. квота мөлшері, т CO <sub>2</sub>	2025 ж. квота мөлшері, т CO <sub>2</sub>
Электроэнергиялық	89	95 304 595	93 872 608	92 469 647	91 076 361
Мұнай-газ	49	23 039 146	22 692 974	22 353 819	22 017 003
Тау-кен	21	7 334 212	7 224 012	7 116 047	7 008 826
Металлургия	19	30 747 135	30 285 148	29 832 525	29 383 023
Химия	7	1 715 105	1 689 335	1 664 087	1 639 013
Өңдеу (цемент, әк, гипс және кірпіш құрылыс материалдарын өндіру саласында)	14	8 019 802	7 899 302	7 781 244	7 664 000
Барлығы	199	166 159 995	163 663 379	161 217 369	158 788 226
Жалпы көлем		649 828 969			
Резерв		11 816 923	11 643 887	11 460 288	11 299 264

### Деректердің ашықтығы, қолжетімділігі

Ұлттық көміртегі квоталарының жоспарының деректері қолжетімді:

1. ҚР ЭТРМ ведомстволық бағынысты, парникті газдардың мемлекеттік инвентаризациясын жүргізетін «Жасыл Даму» АҚ сайты - <https://recycle.kz/ru/parnikovye-gazy>;
2. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры - ұйымның сайтында осындай жоспарлардың реестрі ұсынылған (2.4 - сурет) - <https://ecogofond.kz/gosudarstvennyj-fond-jekologicheskoy-informacii/vidy-jekologicheskoy-informacii/>, оны тиісті сұрау жіберу арқылы алуға болады;
3. Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің Ақпараттық-құқықтық жүйесіндегі сайт - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028798> - 2022 жылғы 11 шілдедегі

Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің № 525 «Ұлттық көміртегі квоталары жоспарын бекіту туралы» бұйрығы.

ҚР 2021 жылғы 02 қаңтардағы Жаңа Экологиялық кодексінің енгізілуімен "көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарлары" құрамында реттелетін қызмет салалары бойынша бөліністе, бірақ нақты квоталанатын қондырғылар бойынша бөлінбестен көміртегі квотасы бірліктерінің жалпы саны бойынша ғана деректер бекітілгенін атап өту қажет. 2021 жылғы эконодекстің енгізілуіне дейін «Парникті газдардың шығарындыларын квота бөлудің ұлттық жоспарлары» бекітіліп, онда реттелетін салалар бойынша квоталардың жалпы мәндері мен нақты квоталанатын объектер арасында бөлінген квоталар туралы ақпарат ұсынылған. Қазіргі уақытта квоталарды нақты квоталанатын қондырғылар арасында бөлу туралы ашық қолжетімділікте жоқ деректер қолжетімді бола ма, жоқ па белгісіз.

Көміртегі квоталары туралы мәліметтер ашық емес. Оның ішінде парниктік газдар шығарындыларын негіздейтін есептеулер мен квоталар мөлшерінің негіздемесі жоқ.

Квоталау субъектілері - ұйымдар мемлекетке "парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі бағдарламаларды" ұсынады. Бұл бағдарламалар көпшілікке қол жетімді емес.

### Деректердің сапасы

Көміртегі квоталары бойынша деректердің сапасын бағалау оларды негіздейтін деректердің толық болмауына, ашықтығына және қолжетімсіздігіне байланысты мүмкін емес.

№ п/п	Дата регистрации	Реестровый номер	Наименование материала	Организация - исполнитель	Инвентарный номер	Государственный орган (юридическое лицо), предоставивший материалы	Формат хранения (бумажный, электронный)	Место хранения материала в архиве (стеллаж, полка)	Количество экземпляров и приложений	шифр
1.	29.11.2021	НП 2020.1	Национальный план распределения квот на выбросы парниковых газов на 2018 - 2020 годы	-	62491	ДКПЗТ МЭГПР	Э	-	1	НП 2020.1
2	29.11.2021	НП 2021.1	Национальный план распределения квот на выбросы парниковых газов на 2021 год	-	62494	ДКПЗТ МЭГПР	Э	-	1	НП 2021.1
3	23.12.2022	НП 2022-2025.1	Об утверждении национального плана углеродных квот Приказ Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 11 июля 2022 года № 525. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 13 июля 2022 года № 28798	МЭГПР РК	80951	ДКПЗТ МЭГПР	Э	-	1	НП 2022-2025

2.4 - сурет - ҚР экологиялық ақпараттың Мемлекеттік қорының сайтында ұсынылған көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарларының реестрі.

## **2.3. Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік реестрі**

### **Қысқаша сипаттама**

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік реестрі - көміртегі бірліктерін айналымға енгізуге, сақтауға, беруге, сатып алуға, резервтеуге, бұғаттауға, өтеуге, жоюға, айналымнан алуға байланысты операцияларды есепке алудың электрондық жүйесі.

Көміртегі бірлігі дегеніміз - көміртегі квотасының бірлігі немесе көміртегі - отандық офсет, ол көмірқышқыл газының эквивалентінің бір тоннасына тең (көмір - отандық бірлік = көміртегі квотасының бірлігі = көміртегі офсетінің бірлігі = 1 тонна - CO<sub>2</sub> экв).

Көміртегі бірлігі (көміртегі квотасының бірлігі, офсеттік бірлік) - Қазақстандағы көміртегі нарығының субъектілері арасындағы айналым үшін рұқсат етілген тауар.

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің мәліметтері квоталау субъектілері арасында бөлінген және қандай да бір операцияға ұшыраған (айналымға енгізілген, берілген, резервтелген, күші жойылған және т.б.) көміртегі бірліктерін есепке алу деректерін көрсетеді. Бұл ретте қазіргі уақытта тек көмірқышқыл газы ғана квоталауға жатады. Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің мәліметтері квоталау субъектілері арасында бөлінген және қандай да бір операцияға ұшыраған (айналымға енгізілген, берілген, резервтелген, күші жойылған және т.б.) көміртегі бірліктерін есепке алу деректерін көрсетеді. Бұл ретте қазіргі уақытта тек көмірқышқыл газы ғана квоталауға жатады.

### **Мәліметтердің ашықтығы, қолжетімділігі**

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік реестрінің мәліметтеріне, сондай-ақ мемлекеттік көміртегі реестрі деректеріне интернетте еркін қол жетімсіз.

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік реестрін және Мемлекеттік көміртегі кадастрын жүргізетін ҚР ЭТРМ ведомстволық бағынысты "Жасыл Даму" АҚ ұйымының сайтында осы реестрлердің қандай да бір деректері жарияланбайды.

ҚР ЭТРМ және "Жасыл Даму" АҚ осындай ақпараттың жазбаша сұрауларына жауап ретінде ҚР заңнамасының талаптарын бұза отырып, шығарындылар туралы деректерді ұсынбайды және «ПГ шығарындылары туралы ақпарат коммерциялық құпия болып табылады» деп заңсыз жауап береді (5-қосымшаны қараңыз - Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігінің 14.08.2023 ж. жауабы парниктік газдар шығарындылары туралы деректерді ұсыну сұрауына берген жауабы).

### **Деректер сапасы**

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік реестрі деректерінің сапасын осы кадастрдың мәліметтеріне қолжетімділіктің болмауына байланысты бағалау мүмкін емес.

### **3. Климаттың өзгеруі туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының негіздемелік конвенциясы**

БҰҰ-ның климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (БҰҰ КӨНК)

Қазақстанда 1995 жылдың 4 мамырында ратификацияланды (Қазақстан Республикасының Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы № 2260 Жарлығы).

БҰҰ негіздемелік конвенциясының Киото хаттамасына 1999 жылдың 12 наурызында қол қойылды (Қазақстан Республикасының Президентінің 1999 жылғы 12 наурыздағы № 84 Жарлығы) және 2009 жылдың 26 наурызында ратификацияланды (2009 жылғы 26 наурыздағы № 144-IV Қазақстан Республикасының Заңы).

#### **3.1. Ұлттық деңгейде анықталған үлестер (ҰДАУ)**

Қазақстан 2030 жылдың 31 желтоқсанына дейін елдің көміртегі балансын<sup>1</sup> 1990 жылғы деңгейден кемінде 15%-ға төмендетуді мақсат етеді. Бұл мақсат елдің негізгі экологиялық заңында – Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 283-бабында «Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюдағы ұлттық үлестері» деп бекітілген. Бұл мақсат сондай-ақ Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюда ұлттық деңгейде анықталған үлесінде (ҰДАУ) Париж келісімі бойынша Қазақстанның міндеттемелеріне сәйкес көрсетілген.

Экологиялық кодексте көміртегі балансы нақты шығарындылар көлемінен нақты сіңірулер көлемін алып тастағандағы көлем ретінде анықталады. Нақты шығарындылар мен сіңірулер көлемдері мемлекеттік шығарындылар мен сіңірулер инвентаризациясы кезінде анықталады, оның қысқаша сипаттамасы төменде берілген.

Ұлттық деңгейде анықталған үлестер климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға Қазақстан Республикасының жаңартылған ұлттық үлесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 313 қаулысымен бекітілді, және олар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық - құқықтық жүйесі сайтында <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000313> еркін қолжетімді.

Бұл жерде Қазақстанның ҰДАУ реттелетін экономиканың секторлары үшін көміртегі балансын төмендету мақсаттарын орындауға байланысты қандай да бір өлшенетін индикаторларды қамтымайтынын атап өту керек, олар «барлық экономика масштабы бойынша шығарындылардың абсолютті қысқаруын» анықтайды.

#### **3.2. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін ұлттық инвентаризациялау жөніндегі есептер**

##### **Қысқаша сипаттама**

2009 жылы Киото хаттамасы ратификацияланғаннан кейін Қазақстан жыл сайын кадастр (КЖҰБ) және "жалпы деректер форматындағы электрондық кестелер" (ОФД, Common Reporting Format, CRF ағылш.) туралы Ұлттық баяндамалар түрінде БҰҰ КӨНК хатшылығына парниктік газдар шығарындыларын ұлттық инвентаризация бойынша есептерді ұсынады.), олардың нысаны секторлар бойынша бөліністе парниктік газдар шығарындылары мен сіңіру көлемі бойынша деректерді ұсынуды көздейді:

- «Энергетикалық қызмет»,
- «Өнеркәсіптік процестер және өнімдерді пайдалану» (ӨПӨП),
- «Ауыл шаруашылығы»,

<sup>1</sup> «Углеродный баланс Республики Казахстан определяется как объем фактических выбросов парниковых газов за минусом объема фактических поглощений парниковых газов за установленный период», ст. 283. ЭК

- «Жерді пайдалану, жерді пайдаланудағы өзгерістер және орман шаруашылығы» (ЖПЖПӨШ),
- «Қалдықтар».

Есептерді дайындау кезінде КӨҮЭТ IPCC-XLIX-9 шешімімен 2019 жылғы 12 мамырда бекітілген Парниктік газдардың ұлттық кадастрлары бойынша КӨҮЭТ 2006 жылғы нұсқауларына 2019 жылғы жаңартумен қатар, КӨҮЭТ ұлттық парниктік газдарды түгендеу нұсқауларында көрсетілген 2006 жылғы КӨҮЭТ әдістемесі қолданылады. Ұлттық инвентаризация есептерінің деректері Қазақстанның кез келген әкімшілік-аумақтық бірлігінің (облыс/қала/аудан) шығарындылар көлемдері бойынша деректер алу үшін пайдаланылмайды, себебі шығарындылар көлемдері жалпы Қазақстан бойынша есептеледі, ал бөлініс тек есеп формасында көрсетілген экономиканың секторлары бойынша жүргізіледі («Энергетикалық қызмет», «Өнеркәсіптік процестер және өнімдерді пайдалану» (ӨПӨП), «Ауыл шаруашылығы», «Жер пайдалану, жер пайдалану өзгерістері және орман шаруашылығы» (ЖПЖПӨШ), «Қалдықтар»).

### **Деректердің ашықтығы, қолжетімділігі**

Ұлттық инвентаризация есептері қолжетімді, оларды Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының сайтына (<https://ecogofond.kz>) сәйкес сұрау жасау арқылы алуға болады, онда экологиялық ақпараттың түрлері тізімінде аталған есептер реестрі бар, оны жүктеуге болады (3.1-сурет). 2023 жылдың мамырына 1990-2020<sup>2</sup> жылдар кезеңіне Қазақстанның шығарындылары мен сіңірілулері жөніндегі соңғы қолжетімді баяндама (3.2-сурет) келтірілген.

Ұлттық инвентаризация есептері БҰҰ<sup>3</sup> КӨНК секретариаты сайтында ұлттық кадастр туралы есептер (КЖҰБ, National Inventory Report, NIR) және жалпы деректер форматы электрондық кестелері (ЖДФ, Common Reporting Format – CRF) түрінде еркін қолжетімді.

Сондай-ақ, Қазақстандағы шығарындылар мен сіңірулердің ұлттық инвентаризациясын дайындауға жауапты ведомстволық бағынысты «Жасыл Даму» АҚ сайтында ұлттық инвентаризация есептері (ұлттық есептер) туралы қандай да бір ақпарат, деректер және/немесе сілтемелер жоқ екендігін атап өткен жөн.

Ұлттық электрлендіру үшін парник газдарының шығарындыларын есептеу үшін пайдаланылған бастапқы деректер қолжетімді емес.

### **Деректердің сапасы**

Парниктік газдарының шығарындылары бойынша ұлттық инвентаризация есептері Қазақстандағы шығарындылар көлемдерінің, нақты жалпы шығарындыларға ең жақын мәндерін қамтиды, себебі олар квоталау және әкімшілендіру субъектілерінен шыққан парник газдарының шығарындыларын, сондай-ақ жеке есепке алынбайтын шығарындыларды (мысалы, жеке секторды жылыту үшін отын жағу, қоғамдық және жеке көлікті пайдалану және т.б.) қамтиды.

Парниктік газдарының ұлттық инвентаризациясының деректер сапасын бағалау мүмкін емес, өйткені оларды алуға пайдаланылған бастапқы деректер қолжетімсіз.

---

<sup>2</sup> [Kazakhstan. 2022 National Inventory Report \(NIR\) | UNFCCC, https://unfccc.int/documents/461955](https://unfccc.int/documents/461955)

<sup>3</sup> [Kazakhstan. 2022 National Inventory Report \(NIR\) | UNFCCC, https://unfccc.int/documents/461955](https://unfccc.int/documents/461955)

а дорог Яндекс Начальная страница (1) Екатерина Шульм... (4) Екатерина Шульм... EcoMuseum Новая вкладка Microsoft Teams Prestigious Interaction...

Единый экологический интернет-ресурс  
Министерства экологии, геологии и природных ресурсов  
Республики Казахстан

Государственный Фонд экологической информации Орхусская конвенция ЭкоИнфоПраво Национальный доклад ЭкоКодекс Контакты

	соответствующий период и отчеты о выполнении определяемых на национальном уровне вкладов Республики Казахстан по сокращению выбросов парниковых газов	соответствующий период и отчеты о выполнении определяемых на национальном уровне вкладов Республики Казахстан по сокращению выбросов парниковых газов
9.	реестр выбросов и переноса загрязнителей	Скачать реестр регистра выбросов и переноса загрязнителей
10.	Национальный доклад Республики Казахстан о кадастре антропогенных выбросов из источников и абсорбции поглотителями парниковых газов, не регулируемых Монреальским протоколом по веществам, разрушающим озоновый слой	Скачать реестр национального доклада Республики Казахстан о кадастре антропогенных выбросов из источников и абсорбции поглотителями парниковых газов, не регулируемых Монреальским протоколом по веществам, разрушающим озоновый слой
11.	государственный реестр объектов исторического загрязнения	Скачать реестр государственного реестра объектов исторического загрязнения
12.	материалы оценки воздействия на окружающую среду и государственной экологической экспертизы, в том числе протоколы общественных слушаний	Скачать реестр материалов оценки воздействия на окружающую среду и государственной экологической экспертизы, в том числе протоколов общественных слушаний
13.	материалы по стратегической экологической оценке в соответствии с пунктом 7 статьи 60 настоящего Кодекса	Скачать реестр материалов по стратегической экологической оценке в соответствии с пунктом 7 статьи 60 настоящего Кодекса
14.	международные договоры по вопросам охраны окружающей среды, участницей которых является Республика Казахстан	Скачать реестр международных договоров по вопросам охраны окружающей среды, участницей которых является Республика Казахстан
15.	документы Системы государственного планирования в Республике Казахстан, затрагивающие вопросы охраны окружающей среды и	Скачать реестр документов Системы государственного планирования в Республике Казахстан, затрагивающих вопросы охраны окружающей

3.1 - сурет – ҚР МЭАҚ сайтының <https://ecogofond.kz> скрині. ПГ көздерінен антропогендік шығарындылар мен сіңірулердің кадастры жөніндегі ҚР ұлттық есептерінің реестрі

D6 Национальный доклад Республики Казахстан о кадастре антропогенных выбросов из источников и абсорбции поглотите

№ п/п	Дата регистрации	Реестровый номер	Наименование материала	Организация - исполнитель	Инвентарный номер	Государственный орган(юридическое лицо),представивший материалы	Формат хранения (бумажный, электронный)	Место хранения материала в архиве (стеллаж, полка)	Количество экземпляров приложений	шпфр
1	06.03.2013	НД КАВ 2009.1	Национальный доклад Республики Казахстан о кадастре антропогенных выбросов из источников и абсорбции поглотителями парниковых газов, не регулируемых Монреальским протоколом, за 1990 - 2009 гг.	МООС РК, РГП "КАЗНИИЭК"	2847, 2849	МООС РК	Б/Э	Архив №2	2	НД КАВ 2009.1
2	06.03.2013.	НД КАВ 2010.1	Национальный доклад о Кадастре антропогенных выбросов из источников и абсорбции поглотителями парниковых газов, не регулируемых Монреальским протоколом за 1990-2010 годы	МООС РК, РГП "КАЗНИИЭК"	2846	МООС РК	Э	Архив №2	1	НД КАВ 2010.1
3	29.11.2021	НД КАВ 2018.1	Национальный доклад Республики Казахстан о кадастре антропогенных выбросов из источников и абсорбции поглотителями парниковых газов, не регулируемых Монреальским протоколом, за 1990-2018 гг.	-	62493	МЭГПР РК	Э	-	1	НД КАВ 2018.1
4	29.11.2021	НД КАВ 2019.1	Национальный доклад Республики Казахстан о кадастре антропогенных выбросов из источников и абсорбции поглотителями парниковых газов, не регулируемых Монреальским протоколом, за 1990 - 2019 гг.	-	62492	ДҚПЗТ МЭГПР	Э	-	1	НД КАВ 2019.1
5	07.06.2022	НД КАВ 2020.1	Национальный доклад Республики Казахстан о кадастре антропогенных выбросов из источников и абсорбции поглотителями парниковых газов не регулируемых Монреальским протоколом, за 1990-2020 гг.	АО"Жасыл даму"	68810	ДҚПЗТ МЭГПР	Э	-	1	НД КАВ 2020.1

3.2 - сурет – ҚР МЭАҚ сайтында ұсынылған озон қабатын бұзатын заттар бойынша Монреаль хаттамасымен реттелмейтін көздерден антропогендік ПГ шығарындылары және сіңірулерінің кадастры жөніндегі ҚР Ұлттық баяндамаларының реестрі

#### **4. Орхус конвенциясы – «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы» БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының конвенциясы**

##### **Қысқаша сипаттама**

Конвенция мақсаты – қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу және шешімдерді қабылдау үдерісіне жұртшылықтың қатысуы, ақпаратқа қол жеткізу, адамның денсаулығы мен әл-ауқаты үшін қолайлы қоршаған орта, адам құқығын қолдау.

Орхус конвенциясы жұртшылықтың қатысуының негіз болатын үш қағидасымен құрылған:

- Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу.
- Экологиялық маңызды шешімдерді қабылдауда жұртшылықтың қатысуы.
- Қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу.

2003 жылы Конвенция тараптары ластағыш заттардың шығарындылары мен көшірулерінің тіркелімі жөніндегі Киев хаттамасын (ЛШКТ) қабылдады. Қазақстанда ЛШКТ Хаттамасы ратификацияланып, 2019 жылы күшіне енді. Орхус конвенциясы және Киев хаттамасы барлық үш негізгі қағидаттар шеңберінде жұртшылықтың құқықтарын қолдау және іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдарға бірқатар міндеттемелер жүктейді. Конвенцияны орындаудың уәкілетті мемлекеттік органы ҚР экология және табиғи ресурстар Министрлігі болып табылады.

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ластағыштардың шығарылуы мен көшірілуінің тіркелімі – әркімнің экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету, жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануын болғызбау мен қысқартуға жәрдемдесу мақсатында жүргізілетін ресми интернет-ресурста<sup>4</sup> ашық қолжетімділікте орналастырылған, ластағыш заттардың қоршаған ортаға эмиссияларының жай-күйі және қоршаған ортаның ластану деңгейлері туралы құрылымданған электрондық дерекқор.

ҚР ЭТРМ осы уақытқа дейін, сонымен қатар халықаралық деңгейде<sup>5</sup>, Регистрдің «деректер базасы» болып табылатыны және шығарындыларды 1) объект және оның географиялық орналасқан жері; 2) қызмет түрі; 3) объект операторы; 4) ластағыш және (немесе) қалдықтар бойынша іздеуді және оларды сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігін декларация жасауды жалғастырады.

«Климат өзгеруіне біздің жауабымыз» бастамасының мақсаттары мен міндеттері аясында жүзеге асырылатын зерттеу шеңберінде, географиялық орналасуына, ластағыш затқа және объектінің операторы бойынша шығарындылар туралы деректерді іздеу негізгі шарт болып табылады, өйткені Қарағанды облысы үшін парниктік газдарының ағымдағы шығарындылар деңгейін түсіну қажет.

Осы зерттеудің нәтижелері ЛШКТ қандай да бір электрондық «құрылымдық деректер базасының» «де-факто» жоқтығын айтуға мәжбүр. Мұндай база заңнама талап еткендей «ресми интернет-ресурста» жоқ болып қана қоймай, оны құру бойынша жұмыстар қаржыландырылғанына қарамастан біздің мәліметтеріміз бойынша мүлдем жоқ.

